**"2015-2017 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 24/289-V шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 27 наурыздағы N 26/317-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 02 сәуірде № 3808 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 09 желтоқсандағы N 34/406-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 09.12.2015 N 34/406-V шешімімен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, "2014 жылғы бюджет қаражатының қалдықтары есебінен тиісті бюджеттік бағдарламалардың жылдық жоспарлы тағайындауларын ұлғайту және 2014 жылы республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы даму трансферттерінің пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) сомаларын 2015 жылы пайдалану (толық пайдалану), "2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 1300 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 13 наурыздағы № 139 қаулысына, "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 12 наурыздағы № 129 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 10468) сәйкес Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "2015-2017 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 24/289-V шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде

тіркелген № 3589, 2014 жылғы 31 желтоқсандағы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, "Дидар" газетінің 2015 жылғы 5 қаңтардағы № 1, "Рудный Алтай" газетінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 1 сандарында жарияланды) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2015-2017 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2015 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 193550167,1 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер – 32386174,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 2974867,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 158189126,1 мың теңге;

2) шығындар – 190625676,2 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру – 3106510,0 мың теңге, соның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 6230069,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 3123559,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо –3526703,0 мың теңге, соның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 3526703,0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -3708722,1 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 3708722,1 мың теңге.";

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2015 жылға арналған облыстық бюджетте 10-11 сыныптары үшін орта білім беруді жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу бойынша сынамалауды өткізу үшін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес орта білім беру ұйымдарында білім беру процесін жүзеге асыруға көзделген шығыстарды беруге байланысты республикалық бюджетке 89387,0 мың теңге сомасында қаражат қайтару көзделгені ескерілсін.";

11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2015 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінен 10-11 сыныптары үшін орта білім беруді жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу бойынша сынамалауды өткізу үшін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес орта білім беру ұйымдарында білім беру процесін жүзеге асыруға көзделген шығыстарды беруге байланысты 89387,0 мың теңге сомасында трансферттер түсімдері көзделсін.";

12-тармақта:

2) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын жұмыскерлерінің, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемеақы төлеуге" ;

3), 5) және 12) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 20), 21), 22), 23), 24) және 25) тармақшалармен толықтырылсын:

"20) агроөнеркәсіптік кешеннің жергілікті атқарушы органдарының бөлімшелерін ұстауға;

21) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға;

22) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің қауіпті техникалық құрылғыларының қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың штат санын ұстауға;

23) елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға және жүргізуге;

24) жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі уәкілетті органның штат санын ұстауға;

25) сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың штат санын ұстауға ";

14-тармақта 1) және 10) тармақшалар алып тасталсын;

15-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"15. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде ауылда кәсіпкерліктің дамуына жәрдемдесуге, мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға республикалық бюджеттен берілетін бюджеттік кредиттер көзделсін.";

аталған шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Сессия төрағасы* | *А. Уразов* |
| *Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының хатшысы* | *Г. Пинчук* |

Шығыс Қазақстан облыстық
мәслихатының
2015 жылғы 27 наурыздағы
№ 26/317-V шешіміне қосымша
Шығыс Қазақстан облыстық
мәслихатының
2014 жылғы 10 желтоқсандағы

№ 24/289-V шешіміне
1 қосымша

# 2015 жылға арналған облыстық бюджет

| Санаты | | | | | Барлығы кірістер (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сыныбы | | | | |
| | | Ішкі сыныбы | | | |
| | | | Ерекшелігі | | |
| | | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | 1. КІРІСТЕР | 193 550 167,1 |
| 1 | | | | Салықтық түсімдер | 32 386 174,0 |
| | 01 | | | Табыс салығы | 15 862 253,0 |
| | | 2 | | Жеке табыс салығы | 15 862 253,0 |
| | | | 01 | Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы | 15 336 742,0 |
| | | | 04 | Төлем көзінен салық салынатын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы | 5 2 5 511,0 |
| | 03 | | | Әлеуметтік салық | 12 808 582,0 |
| | | 1 | | Әлеуметтік салық | 12 808 582,0 |
| | | | 01 | Әлеуметтік салық | 12 808 582,0 |
| | 05 | | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 3 715 339,0 |
| | | 3 | | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 3 715 339,0 |
| | | | 03 | Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем | 1 3 5 282,0 |
| | | | 04 | Орманды пайдаланғаны үшін төлем | 1 1 3 865,0 |
| | | | 16 | Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы | 3 466 192,0 |
| 2 | | | | Салықтық емес түсімдер | 2 974 867,0 |
| | 01 | | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 5 6 0 872,0 |
| | | 5 | | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 67 000,0 |
| | | | 04 | Облыстың коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 67 000,0 |
| | | 7 | | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар | 4 9 3 872,0 |
| | | | 03 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына облыстық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша | 1 311,0 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сыйақылар | |
| | | | 06 | Мамандандырылған ұйымдарға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар | 4 9 2 561,0 |
| | 04 | | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 2 413 995,0 |
| | | 1 | | Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 2 413 995,0 |
| | | | 06 | Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың ішкі істер департаменттері, олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 2 413 995,0 |
| 3 | | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 0,0 |
| 4 | | | | Трансферттердің түсімдері | 158 189 126,1 |
| | 01 | | | Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер | 2 2 9 431,1 |
| | | 2 | | Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер | 2 2 9 431,1 |
| | | | 02 | Нысаналы трансферттерді қайтару | 60 586,1 |
| | | | 03 | Нысаналы мақсатқа сай пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару | 79 458,0 |
| | | | 04 | Аудандық (қалалық) бюджеттерден облыстық бюджеттің ысырабын өтеуге арналған трансферттер түсімдері | 89 387,0 |
| | 02 | | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 157 959 695,0 |
| | | 1 | | Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер | 157 959 695,0 |
| | | | 01 | Ағымдағы нысаналы трансферттер | 48 513 336,0 |
| | | | 02 | Нысаналы даму трансферттері | 22 919 030,0 |
| | | | 03 | Субвенциялар | 86 527 329,0 |

| Функционалдық топ | | | | | Барлығы шығындар (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|---|
| | Функционалдық кіші топ | | | | |
| | | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | | | |
| | | | Бюджеттік бағдарлама | | |
| | | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | II. ШЫҒЫНДАР | 190 625 676,2 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 1 854 476,7 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 1 504 140,0 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 110 | | Облыс мәслихатының аппараты | 47 423,0 |
| | | | 001 | Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 46 703,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 720,0 |
| | | 120 | | Облыс әкімінің аппараты | 1 247 188,0 |
| | | | 001 | Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 1 134 789,0 |
| | | | 002 | Ақпараттық жүйелер құру | 33 849,0 |
| | | | 004 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1 300,0 |
| | | | 007 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары | 11 929,0 |
| | | | 013 | Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету | 65 321,0 |
| | | 282 | | Облыстың тексеру комиссиясы | 209 529,0 |
| | | | 001 | Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 209 294,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 235,0 |
| | 2 | | | Қаржылық қызмет | 123 629,7 |
| | | 257 | | Облыстың қаржы басқармасы | 123 629,7 |
| | | | 001 | Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 114 777,7 |
| | | | 009 | Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу | 8 852,0 |
| | 5 | | | Жоспарлау және статистикалық қызмет | 137 840,0 |
| | | 258 | | Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы | 137 840,0 |
| | | | 001 | Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 129 669,0 |
| | | | 005 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 2 786,0 |
| | | | 061 | Бюджеттік инвестициялар және концессия мәселелері бойынша құжаттаманы сараптау және бағалау, бюджеттік инвестициялардың іске асырылуына бағалау жүргізу | 5 385,0 |
| | 9 | | | Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер | 88 867,0 |
| | | 269 | | Облыстың дін істері басқармасы | 88 867,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 52 678,0 |
| | | | 005 | Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау | 36 189,0 |
| 02 | | | | Қорғаныс | 204 953,2 |
| | 1 | | | Әскери мұқтаждар | 84 076,3 |
| | | 296 | | Облыстың жұмылдыру дайындығы басқармасы | 84 076,3 |
| | | | 003 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 60 604,7 |
| | | | 007 | Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысы | 23 471,6 |
| | 2 | | | Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру | 120 876,9 |
| | | 287 | | Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы | 11 602,0 |
| | | | 004 | Облыс ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою | 11 602,0 |
| | | 296 | | Облыстың жұмылдыру дайындығы басқармасы | 109 274,9 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 37 159,0 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 005 | Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру | 72 086,9 |
| | | | 009 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 29,0 |
| 03 | | | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 11 076 134,6 |
| | 1 | | | Құқық қорғау қызметі | 11 043 164,6 |
| | | 252 | | Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы | 10 908 940,0 |
| | | | 001 | Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 9 137 374,0 |
| | | | 003 | Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу | 7 490,0 |
| | | | 006 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1 532 407,0 |
| | | | 013 | Белгілі тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері | 73 933,0 |
| | | | 014 | Әкімшілік тәртіппен тұтқындалған адамдарды ұстауды ұйымдастыру | 101 980,0 |
| | | | 015 | Қызметтік жануарларды ұстауды ұйымдастыру | 29 006,0 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары | 26 750,0 |
| | | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 134 224,6 |
| | | | 005 | Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту | 127 424,6 |
| | | | 053 | Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу | 6 800,0 |
| | 9 | | | Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер | 32 970,0 |
| | | 120 | | Облыс әкімінің аппараты | 32 970,0 |
| | | | 015 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 32 970,0 |
| 04 | | | | Білім беру | 29 700 836,7 |
| | 1 | | | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 5 192 866,0 |
| | | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 5 192 866,0 |
| | | | 027 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 5 192 866,0 |
| | 2 | | | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру | 6 655 408,8 |
| | | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 4 355 547,5 |
| | | | 003 | Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру | 1 720 048,0 |
| | | | 006 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру | 1 633 350,5 |
| | | | 053 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімді жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 185 988,0 |
| | | | 061 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақыны көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 816 161,0 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 285 | | Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы | 2 299 861,3 |
| | | | 006 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру | 2 179 242,3 |
| | | | 007 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру | 120 619,0 |
| | 4 | | | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру | 7 092 372,3 |
| | | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 342 888,3 |
| | | | 043 | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 342 888,3 |
| | | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 6 749 484,0 |
| | | | 024 | Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 6 749 484,0 |
| | 5 | | | Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру | 23 959,0 |
| | | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 23 959,0 |
| | | | 003 | Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау | 23 959,0 |
| | 9 | | | Білім беру саласындағы өзге де қызметтер | 10 736 230,6 |
| | | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 1 266 091,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 91 287,0 |
| | | | 005 | Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу | 42 705,0 |
| | | | 007 | Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу | 263 650,0 |
| | | | 011 | Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету | 5 881,0 |
| | | | 012 | Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу | 122 540,0 |
| | | | 013 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1 535,0 |
| | | | 029 | Әдістемелік жұмыс | 217 913,0 |
| | | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары | 347 531,0 |
| | | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 173 049,0 |
| | | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 9 470 139,6 |
| | | | 007 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері | 3 085 027,3 |
| | | | 011 | Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 6 385 112,3 |
| 05 | | | | Денсаулық сақтау | 47 842 039,7 |
| | 1 | | | Кең бейінді ауруханалар | 201 102,0 |
| | | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 201 102,0 |
| | | | | Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін және аудандық маңызы бар және ауылдың денсаулық сақтау субъектілері көрсететін медициналық | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 004 | көмекті қоспағанда, бастапқы медициналық-санитариялық көмек және медициналық ұйымдар мамандарын жіберу бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсетуі | 201 102,0 |
| | 2 | | | Халықтың денсаулығын қорғау | 1 346 614,0 |
| | | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 1 346 614,0 |
| | | | 005 | Жергілікті денсаулық сақтау ұйымдары үшін қанды, оның құрамдауыштары мен препараттарын өндіру | 863 748,0 |
| | | | 006 | Ана мен баланы қорғау бойынша қызмет көрсету | 392 854,0 |
| | | | 007 | Салауатты өмір салтын насихаттау | 89 132,0 |
| | | | 017 | Шолғыншы эпидемиологиялық қадағалау жүргізу үшін тест-жүйелерін сатып алу | 880,0 |
| | 3 | | | Мамандандырылған медициналық көмек | 15 604 664,0 |
| | | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 15 604 664,0 |
| | | | 009 | Туберкулез, жұқпалы аурулар, психикалық күйзеліс және мінез-құлқының бұзылуынан, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты, зардап шегетін адамдарға медициналық көмек көрсету | 6 089 019,0 |
| | | | 019 | Туберкулезбен ауыратын науқастарды туберкулезге қарсы препараттармен қамтамасыз ету | 626 678,0 |
| | | | 020 | Диабетпен ауыратын науқастарды диабетке қарсы препараттармен қамтамасыз ету | 1 405 651,0 |
| | | | 021 | Онкогематологиялық науқастарды химия препараттарымен қамтамасыз ету | 383 923,0 |
| | | | 022 | Созылмалы бүйрек функциясының жетіспеушілігі бар, аутоиммунды, орфандық аурулармен ауыратын, иммунитеті жеткіліксіз науқастарды, сондай-ақ бүйрегін транспланттаудан кейінгі науқастарды дәрілік заттармен қамтамасыз ету | 977 524,0 |
| | | | 026 | Гемофилиямен ауыратын науқастарды қанды ұйыту факторларымен қамтамасыз ету | 699 806,0 |
| | | | 027 | Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау | 1 192 923,0 |
| | | | 036 | Жіті миокард инфаркті бар науқастарды тромболитикалық препараттармен қамтамасыз ету | 98 070,0 |
| | | | 046 | Онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек көрсету | 4 131 070,0 |
| | 4 | | | Емханалар | 23 642 432,0 |
| | | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 23 642 432,0 |
| | | | 014 | Халықтың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен және балаларға арналған және емдік тағамдардың арнаулы өнімдерімен қамтамасыз ету | 1 890 084,0 |
| | | | 038 | Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде скринингтік зерттеулер жүргізу | 470 995,0 |
| | | | 039 | Аудандық маңызы бар және ауылдық денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмекті және амбулаториялық-емханалық көмекті халыққа тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетуі | 20 082 568,0 |
| | | | 045 | Азаматтардың жекелеген санаттарын дәрілік заттармен амбулаториялық емдеу деңгейінде жеңілдетілген жағдайда қамтамасыз ету | 1 198 785,0 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5 | | | Медициналық көмектің басқа түрлері | 2 077 253,0 |
| | | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 2 077 253,0 |
| | | | 011 | Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін және аудандық маңызы бар және ауылдың денсаулық сақтау субъектілері көрсететін медициналық көмекті қоспағанда, жедел медициналық көмек көрсету және санитариялық авиация | 2 024 204,0 |
| | | | 029 | Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары | 53 049,0 |
| | 9 | | | Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер | 4 969 974,7 |
| | | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 2 524 722,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 121 043,0 |
| | | | 008 | Қазақстан Республикасында ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру | 721 296,0 |
| | | | 013 | Патологоанатомиялық ашып тексеруді жүргізу | 142 834,0 |
| | | | 016 | Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету | 38 863,0 |
| | | | 018 | Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер | 78 521,0 |
| | | | 033 | Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары | 1 422 165,0 |
| | | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 2 445 252,7 |
| | | | 038 | Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау | 2 409 551,9 |
| | | | 083 | Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде орналасқан дәрігерлік амбулаториялар және фельдшерлік-акушерлік пункттерді салу | 35 700,8 |
| 06 | | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 8 091 390,1 |
| | 1 | | | Әлеуметтік қамсыздандыру | 4 507 846,1 |
| | | 256 | | Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 3 278 053,0 |
| | | | 002 | Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 1 130 021,0 |
| | | | 012 | Тірек-қозғалу аппаратының қызметі бұзылған балаларға арналған мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 196 677,0 |
| | | | 013 | Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 1 353 685,0 |
| | | | 014 | Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 349 197,0 |
| | | | 015 | Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде ( ұйымдарда) психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 248 473,0 |
| | | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 1 177 539,0 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 015 | Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру | 1 117 716,0 |
| | | | 037 | Әлеуметтік сауықтандыру | 59 823,0 |
| | | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 52 254,1 |
| | | | 039 | Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау | 52 254,1 |
| | 2 | | | Әлеуметтік көмек | 1 222 874,0 |
| | | 256 | | Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 1 222 874,0 |
| | | | 003 | Мүгедектерге әлеуметтік қолдау | 414 423,0 |
| | | | 051 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 805 015,0 |
| | | | 052 | Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізу | 3 436,0 |
| | 9 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер | 2 360 670,0 |
| | | 256 | | Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 2 255 971,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 179 915,0 |
| | | | 017 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне арнаулы әлеуметтік қызметтер стандарттарын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 32 048,0 |
| | | | 018 | Үкіметтік емес секторда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру | 165 193,0 |
| | | | 045 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 182 578,0 |
| | | | 047 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 589 660,0 |
| | | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары | 1 098,0 |
| | | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 1 105 479,0 |
| | | 263 | | Облыстың ішкі саясат басқармасы | 27 395,0 |
| | | | 077 | Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру | 27 395,0 |
| | | 268 | | Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы | 5 726,0 |
| | | | 045 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 5 726,0 |
| | | 298 | | Облыстың мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы | 71 578,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде еңбек қатынастарын реттеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер | 71 578,0 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 10 329 877,9 |
| | 1 | | | Тұрғын үй шаруашылығы | 6 974 682,7 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 13 125,0 |
| | | | 026 | Көп пәтерлі тұрғын үйлерде энергетикалық аудит жүргізу | 13 125,0 |
